

**«Банк ЦентрКредит» АҚ
еншілес ұйымы –
«BCC Invest» АҚ
Басқармасының
2020 жылғы «02» наурыздағы
№ 03/02 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН**

**01.03.2021 жылғы № 03/01
өзгерістер мен толықтырулар
ескеріліп**

**«Банк ЦентрКредит» АҚ еншілес ұйымы – «BCC Invest» АҚ
ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУ
ЕРЕЖЕСІ**

Алматы, 2021

Мазмұны

Терминдер және анықтамалар	3-4
1-тарау. Жалпы ережелер	4-5
2-тарау. Электрондық қызметтер көрсету шарттары мен тәртібі	5-7
3-тарау. Клиенттің есептік жазбасын бұғаттау/бұғаттан шығару	7
4-тарау. Қауіпсіздік рәсімдері.....	7-9
1-қосымша. Жеке кабинетте жұмыс істеу нұсқаулығы	10-37

ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

1. Ереженің мақсаттары үшін мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) **аутентификациялау** – Брокер белгілеген қауіпсіздік рәсімдерін пайдалану арқылы клиенттің жеке басы мен өкілеттіктерін, электрондық құжатты жасаудың түпнұсқалығын және дұрыстығын растау;

2) **Компания** – «Банк ЦентрКредит» АҚ еншілес ұйымы – «BCC Invest» акционерлік қоғамы;

3) **бір реттік (біржолғы) код** – клиенттің сұратуы бойынша бағдарламалық-аппараттық құралдармен жасалатын және клиентке Компанияның электрондық қызметтеріне қолжетімділік берген кезде бір рет пайдалануға арналған электрондық цифрлық символдардың бірегей реттілігі;

4) **көп реттік код** – клиенттің сұратуы бойынша бағдарламалық-аппараттық құралдармен жасалатын және клиентке Компанияның электрондық қызметтеріне қолжетімділік берген кезде белгілі бір уақыт кезеңінде көп рет пайдалануға арналған электрондық цифрлық символдардың бірегей реттілігі

5) **Компанияның ішкі ережелері** – бағалы қағаздар нарығында қызметтер көрсетуді, Компанияның жеке кабинетімен және сауда платформасымен жұмыс істеу тәртібін және электрондық қызметтер көрсетуді регламенттейтін рәсімдер, регламенттер және өзге де нормативтік құжаттар;

6) **клиент** – Компаниямен брокерлік қызмет көрсету және номиналды ұстау бойынша қызмет көрсету туралы шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын, электрондық қызметтер көрсету шарттары мен тәртібі қамтылған Электрондық қызметтер көрсету туралы шарт жасасқан жеке немесе заңды тұлға;

7) **клиентті динамикалық сәйкестендіру** – клиенттің электрондық қызметтерді алу құқықтарын растау мақсатында бір реттік (біржолғы) немесе көп реттік кодты пайдалану арқылы оның түпнұсқалығын анықтау рәсімі;

8) **клиенттің тапсырмасы** – клиенттің бұйрығы және (немесе) тапсырысы, сондай-ақ электрондық құжат нысанында немесе клиентті динамикалық сәйкестендіру арқылы куәландырылған өзге де электрондық-цифрлық нысанда жасалған, Компанияға жіберілетін клиенттің электрондық қызметтерді көрсетуге өзге де нұсқаулығы;

9) **қауіпсіздік рәсімі** – клиенттің электрондық қызметтерді алу құқығын анықтау және клиенттің берілетін және алынатын тапсырмаларының мазмұнындағы қателерді және (немесе) өзгерістерді анықтау мақсатында оның тапсырмаларын жасаған, берген және алған кезде клиентті сәйкестендіруге арналған ұйымдастыру шараларының және ақпаратты қорғаудың бағдарламалық-техникалық құралдарының кешені;

10) **қор биржасының сауда жүйесі** – осы қор биржасының мүшелері арасында эмиссиялық бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер жасалатын материалдық-техникалық құралдардың, қор биржасының ішкі құжаттарының және өзге де қажетті активтер мен рәсімдердің кешені;

11) **Компанияның сауда платформасы** – қор биржасының сауда жүйесіндегі және (немесе) халықаралық бағалы қағаздар нарығындағы қаржы құралдарымен операциялар туралы, қор биржасының сауда жүйесіндегі шетел валютасымен операциялар (қолма-қол емес шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру бөлігінде) туралы ақпаратты, клиенттің бағалы қағаздар портфелін және клиенттің өзге қаржы құралдарын, өзге де ақпаратты алуды, сондай-ақ клиентке электрондық қызметтер көрсетуді қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелерді қоса алғанда, Компанияның бағдарламалық және техникалық құралдарының жиынтығы;

12) **Компанияның сауда платформасына қолжетімділік беру бойынша**

серіктестер (серіктестер) – Компанияның сауда платформасына қол жеткізуді қамтамасыз ететін және Клиент олармен олардың ақпараттық жүйелерін және (немесе) қашықтықтан қызмет көрсету жүйелерін пайдалану туралы тиісті шарт жасасқан, осы заңды тұлғалардың ақпараттық жүйелерінде және (немесе) қашықтықтан қызмет көрсету жүйелерінде құпия ақпаратпен алмасу туралы тиісті жазбаша шарт жасасқан заңды тұлғалар. Серіктестердің тізімі Компанияның www.bcc-invest.kz корпоративтік интернет-ресурсында орналастырылады;

13) **жеке кабинет** – <https://bcctrade.kz> web-сайтында немесе сауда платформасына қолжетімділік беру бойынша серіктестің web-сайтында орналастырылған Брокердің сауда платформасындағы интерактивті сервис, сондай-ақ Брокердің атынан немесе App Store және Google Play сауда платформасына қолжетімділік беру бойынша серіктестің атынан орналастырылған Брокердің мобильді платформалары, ол арқылы Клиент тапсырмаларды, оның ішінде электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдаланып енгізеді және береді, дербес шот, портфельдің жай-күйін, қаржы құралдары мен олардың бағалары туралы, қор биржасындағы және (немесе) халықаралық бағалы қағаздар нарығындағы саудасаттықтың барысы мен нәтижесі туралы ақпаратты, есептер мен меншікті мәмілелер тарихын және Сауда платформасының функционалында көзделген өзге де ақпаратты алады;

14) **сауда операциясы** – клиенттің тапсырмасына (бұйрығына және/немесе тапсырысына) сәйкес Компания жүргізетін:

- қор биржасының сауда жүйесінде және (немесе) РЕПО операциясын қоса алғанда, халықаралық бағалы қағаздар нарығында сауда платформасы арқылы жүргізілетін қаржы құралын сатып алу немесе сату;
- клиенттің шотынан (шоттарына) ақшаны есептен шығару (есепке жатқызу) және оларды айырбастау бойынша операция;

15) **дербес шот бойынша операция** – бұл:

- жеке тұлғаға дербес шот ашу;
- клиент туралы мәліметтерді өзгерту;
- клиенттің шоттарынан (шоттарына) бағалы қағаздарды есептен шығару (есепке жатқызу);
- эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын клиенттің дербес шоттарынан (шоттарына) есептен шығару (есепке жатқызу);
- бағалы қағаздарға (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарына) ауыртпалық салу және ауыртпалықты алып тастау;
- бағалы қағаздарды өтеуден түскен ақша қаражатын есепке жазу;
- бағалы қағаздар бойынша дивидендті есепке жазу бойынша операция;

16) **ақпараттық операция** – бұл:

- клиенттің дербес шотынан үзінді көшірме беру;
- жүргізілген операциялар туралы есепті беру;
- клиенттің сұратуы бойынша басқа есептерді дайындау және беру бойынша операция;

17) **электрондық қызметтер** – Компанияның сауда операцияларын, дербес шот бойынша операцияларды және (немесе) ақпараттық операцияларды жүргізу бойынша Компанияның сауда платформасы арқылы Компания клиентке көрсететін қызметтер, сондай-ақ Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасына, Компанияның ішкі ережелеріне және клиентпен жасалған шарттарға сәйкес Компания көрсететін өзге де қызметтер;

18) **электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ)** – электрондық құжатты қорғауға арналған, электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілтін пайдаланып ақпаратты криптографиялық түрлендіру нәтижесінде алынған және қол қою кілті

сертификатының иесін сәйкестендіруге, сондай-ақ электрондық құжатта ақпараттың бұрмалануы болмауын анықтауға мүмкіндік беретін электрондық құжаттың деректемесі;

19) **Клиентті сәйкестендіру құралдары** – сәйкестендіргіш (пайдаланушының аты), Клиенттің көп реттік және бір реттік (біржолғы) кодтары, Клиентті биометриялық сәйкестендіру, сондай-ақ Клиенттің электрондық цифрлық қолтаңбасы;

20) **sms (Short Message Service)** – қысқа хабарлар қызметі – Клиент көрсеткен мобильді (ұялы) телефонның тіркелген нөміріне Клиенттің бір реттік (біржолғы) кодын жедел беруге арналған, қысқа мәтіндік хабарламаларды қабылдауды және беруге мүмкіндік беретін технология.

21) **Клиенттің уәкілетті тұлғасы** – Клиенттің тапсырмаларына қол қоюға құқығы бар және Шартта көзделген операцияларды жүргізуге уәкілетті тұлға;

22) **электрондық құжат** – құжат, ондағы ақпарат электрондық цифрлық нысанда берілген және қолданыстағы заңнаманың талаптары ескеріліп, Компанияның ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген пішімге сәйкес келеді;

23) **электрондық құжат айналымы (ЭҚА)** – Шартқа сәйкес Жеке кабинетте электрондық құжаттармен алмасу;

24) **құпия ақпарат** – Клиент туралы дербес деректер, коммерциялық және өзге де құпия ақпарат, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын өзге де ақпарат, осы ақпараттың үшінші тұлғаларға белгісіз болуына байланысты оның нақты немесе ықтимал құндылығы болған, оған заңды негізде еркін қол жеткізуге болмаған және осы ақпараттың иесі қағаз жеткізгіште, электрондық немесе өзге де нысанда орындалған оның құпиялылығын сақтауға шаралар қолданған кезде, заңсыз жинаудан, сақтаудан, пайдаланудан, таратудан қорғалуға тиіс ақпарат;

25) Осы бөлімде тікелей айқындалмаған терминдер мен белгілер Қазақстан Республикасының заңнамасында, Компанияның ішкі нормативтік құжаттарында, қор биржасының ережелерінде және Брокерлік қызмет көрсету және номиналды ұстау бойынша қызмет көрсету туралы шартта белгіленген мағынады пайдаланылады.

1-ТАРАУ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы «Банк ЦентрКредит» АҚ еншілес ұйымы – «ВСС Invest» АҚ электрондық қызметтер көрсету ережесі (бұдан әрі – Ереже):

- Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 02.07.2003 жылғы № 461-ІІ Заңына (бұдан әрі – БҚР туралы заң);
- Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыру қағидаларын, брокердің және (немесе) дилердің банк операцияларын жүргізу тәртібін бекіту туралы» 2014 жылғы 3 ақпандағы № 9 қаулысына (бұдан әрі – № 9 қаулы);
- Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға қажетті бағдарламалық-техникалық құралдар мен өзге де жабдықтарға қойылатын талаптарды бекіту туралы» 2012 жылғы 28 сәуірдегі № 165 қаулысына (бұдан әрі – 165-қаулы);
- Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Номиналды ұстаушылардың электрондық қызметтерді ұсыну қағидаларын бекіту туралы» 2016 жылғы 28 қаңтардағы №27 қаулысына (бұдан әрі – № 27 қаулы);
- Компанияның бағалы қағаздар нарығында қызмет көрсетуді регламенттейтін Компанияның ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді.

1.2. Ереже Компанияның электрондық қызметтерді көрсеткен кезінде ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін электрондық қызметтерді көрсету (көрсетуді тоқтата тұру, тоқтату және қайта бастау) тәртібі мен шарттары, қауіпсіздік рәсімдерінің

сипаттамасы, ұйымдастыру шаралары және бағдарламалық-техникалық құралдар қамтылған Компанияның электрондық қызметтерді көрсету ерекшеліктерін белгілейді.

2-ТАРАУ. ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУ ШАРТТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ

2.1. Компания клиентке электрондық қызметтерді клиенттің жеке кабинеті арқылы Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығында және (немесе) халықаралық бағалы қағаздар нарығында мәмілелер жасау үшін қор биржасының сауда жүйесімен және (немесе) өзге де сауда (ақпараттық) жүйесімен интеграцияланған Компанияның сауда платформасында көрсетеді.

2.2. Компанияның сауда платформасы;

1) сауда операцияларын, дербес шот бойынша операцияларды, ақпараттық операцияларды жүргізу және өзге де қызметтер көрсету бойынша электрондық қызметтер көрсетеді, мыналарды;

- сауда операциясын жүргізген кезде клиенттік тапсырыстарды қалыптастыру;
- клиенттік тапсырыстардың орындалуы туралы есептерді қалыптастыру;
- клиенттің бұйрықтарын қалыптастыру;
- клиенттің дербес шотынан үзінді көшірме қалыптастыру;
- жүргізілген операциялар туралы есептерді және клиенттің сұратуы бойынша басқа есептерді қалыптастыру;
- бару және транзакциялар тарихы туралы есептерді қалыптастыру;
- дербес шот ашу;
- клиенттің шоттарынан (шоттарына) бағалы қағаздарды есептен шығару (есепке жазу);
- бағалы қағаздарға (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарына) ауыртпалық салу және ауыртпалықты алып тастау;
- РЕПО операцияларын қоса алғанда, қор биржасының сауда жүйесінде және (немесе) халықаралық бағалы қағаздар нарығында қаржы құралын сатып алу немесе сату;
- клиенттің шоттарынан (шоттарына) ақшаны есептен шығару (есепке жазу);
- ақшалай қаражатты айырбастау;
- бағалы қағаздарды өтеуден түскен ақшалай қаражатты есепке жазу;
- бағалы қағаздар бойынша дивиденд есепке жазу бойынша операцияларды қоса, бірақ олармен шектелмей.

2.3. Сауда платформасы мынадай әкімшілік және бақылау функцияларын қамтамасыз етеді:

- Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамасында көзделген жағдайларда клиенттің тапсырмасын орындаудан бас тартуды қалыптастыру;
- өзгеретін деректердің сақталуы және клиентті іздеу, оның ішінде бұрынғы деректер бойынша іздеу;
- Компания клиентінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) немесе толық атауы өзгерген кезде бүкіл кезең үшін барлық сауда операциясы, дербес шот бойынша операциялар және (немесе) ақпараттық операциялар бойынша ақпараттың сақталуы;
- жеке сұрату бойынша ақпарат іздеу;
- енгізілетін деректердің толықтығын және олардың заңнаманың талаптарына сәйкестігін бақылау;
- мемлекеттік және өзге де тілдерді қолдау;
- клиенттің деректемелерін, телефон нөмірлерін ауыстыруға өкімдер мен бұйрықтар беру;
- клиенттің электрондық поштасына хабарлау;

- деректерді шифрлау алгоритмдерін пайдаланып, қорғалған арналар бойынша Компанияның сауда платформасының жұмыс істеуі;
- жеке кабинетте жұмыс істеген кезде баптаулар мен пайдаланушының артықшылығын сақтау;
- сұратуды сақтай отырып, кез келген өлшемшарттар, сондай-ақ кез келген параметрлер бойынша ақпаратты сұрыптауға және өткен күндер үшін ақпаратты қарау мүмкіндігі;
- күндері бойынша барлық операция бойынша ақпаратты қысқартусыз өңдеу және сақтау;
- басқа да функциялар.

2.4. Клиент жеке кабинетке Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін арнайы қосымшаларды (бағдарламаларды) пайдаланып, дербес және (немесе) планшеттік компьютерлер және (немесе) мобильді телефондар және басқа да қолдау көрсетілетін құрылғылар арқылы кіреді.

2.5. Жеке кабинетке кіру үшін клиент Компанияның ішкі ережелерінде және Шартта көзделген аутентификациялау құралдарын пайдаланады.

2.6. Электрондық қызметтер көрсету, пайдаланушы ретінде тіркеуден өту және Клиенттің есептік жазбасын жасау мүмкіндігін көздейтін Брокерлік қызмет көрсету және номиналды ұстау бойынша қызмет көрсету туралы шарт (бұдан әрі – Шарт) жасалған кезде, Клиентке электрондық қызметтер көрсету мүмкін болады.

2.7. Жеке кабинет пен Компанияның сауда платформасына қол жеткізу және базалық қауіпсіздік рәсімдері:

- 1) көп реттік пароль бойынша аутентификациялауды пайдаланып және/немесе ЭЦҚ-ны, сондай-ақ пайдаланушының логинін пайдаланып, Компанияның сауда платформасындағы жеке кабинетке кіреді;
- 2) логин мен уақытша пароль Компанияның бағдарламалық жасақтамасында (бұдан әрі – «ААЖ») құрылады және клиентке Шартқа қол қоятын кезде клиент алатын мөрленген конвертпен беріледі;
- 3) ААЖ-да құрылған уақытша пароль клиенттің өзі енгізетін парольге міндетті түрде ауыстырылуға тиіс. Клиент уақытша пароль бойынша авторизациядан өткен кезде парольді ауыстыру бетіне автоматты түрде қайта жіберіледі;
- 4) ЭЦҚ алу және парольді құру үшін осы Ереженің ажырамас бөлігі болып табылатын 1-қосымшада келтірілген пайдаланушының нұсқаулығына (бұдан әрі – Нұсқаулық) сай жеке кабинетпен белсендіру рәсімінен өту қажет;
- 5) клиент жасаған пароль құпия ақпарат болып табылады және ААЖ-да шифрланған түрде сақталады. Компания қызметкерлері клиенттік парольге қол жеткізе алмайды және пароль жоғалған кезде оны қалпына келтіру қажет болған жағдайда, оның күші жойылуға тиіс және кейіннен клиентке жаңа уақытша пароль беріледі;
- 6) пайдаланушыны аутентификациялау қорғалған https арнасы бойынша логин мен парольдің жоғары қауіпсіздігі режимінде жүргізіледі;
- 7) егер пайдаланушы жеке кабинетте ұзақ уақыт белсенді болмаса, оған кіруге тыйым салынады. Жеке кабинетке қайта кіру талап етіледі, рұқсатсыз кіруге жол бермейтін пайдаланушының сәйкестендірудің «қайталама» процесі болады;
- 8) жеке кабинетке рұқсатсыз қол жеткізуді барынша азайту мақсатында клиенттен серверге берілетін тапсырмалар мен Компания қалыптастырған кері ақпарат шифрланған түрде беріледі;
- 9) базалық қауіпсіздіктің рәсімдері және Компанияның жеке кабинеті мен сауда платформасына ақпараттық жүйелер және (немесе) серіктестерге қашықтан қызмет көрсету жүйесі арқылы қолжетімділік беру тәртібі Ереженің 4.8-тармағында айқындалады.

2.8. Клиенттің жеке кабинеті Компанияның сауда платформасымен интеграцияланған, ол өз кезегінде ААЖ-мен, қор биржасының сауда жүйесімен,

ақпараттық ресурстармен, орталық депозитариймен, халықаралық биржалармен және басқа да сыртқы ақпарат жеткізушілермен, сондай-ақ Компанияның сауда платформасына қолжетімділік беру бойынша серіктестердің ақпараттық жүйелерімен интеграцияланған.

Интеграция қор биржасының сауда жүйесіндегі қаржы құралдарымен жүргізілетін операциялар туралы ақпаратты клиенттің жеке кабинетінде автоматты түрде көрсетілетін нақты уақыт режимінде алуды қамтамасыз етеді.

2.9. Осы Ереженің 2.10-тармағында көрсетілген операцияларды қоспағанда, тапсырмаларды (сауда операцияларын) және өзге операцияларды жіберу үшін клиентті бір реттік (біржолғы) не ЭЦҚ пайдаланып динамикалық сәйкестендіруді пайдалану көзделген, бұл ретте клиент ақпаратты динамикалық сәйкестендірудің және қорғаудың таңдалған тәсілі үшін өзіне жауапкершілік алады. Қауіпсіздікті арттыру және санкцияланбаған операциялар тәуекелін азайту мақсатында Компания клиенттің сауда операцияларын операцияның ең жоғары сомасы және (немесе) түрі бойынша ЭЦҚ пайдаланбай шектеуге құқылы.

2.10. Компания Жеке кабинетте және (немесе) Сауда платформасында кез келген техникалық мәселе (жұмысты тоқтату және/немесе жаңылысу) үшін жауапкершілік көтермейді.

2.11. Клиенттің тапсырмаларын, электрондық құжаттарды беру және Клиенттің Жеке кабинеті және (немесе) Сауда платформасы арқылы операциялар жүргізу мүмкін болмаған жағдайларда, Клиент Шартқа сәйкес Клиенттің Компанияға тапсырмаларын берудің кез келген басқа тәсілдерін пайдалануға құқылы.

2.12. Электрондық қызметтерге қолжетімділік Жеке кабинетті пайдаланушы Клиентті бір және (немесе) бір мезгілде бірнеше тәсілмен аутентификациялау арқылы қамтамасыз етіледі,

2.12.1. Парольдер бойынша аутентификациялау:

- Көп реттік кодтар (пароль) бойынша аутентификациялау жүйеге кіру үшін, ақпараттық операциялармен және сауда операцияларының белгілі бір түрлерімен жүргізіледі.
- Біржолғы (бір реттік) кодтар бойынша аутентификациялау сауда операцияларының барлық түрін жасау үшін жүргізіледі.

2.12.2. Клиенттің мобильді құрылғыларында, сондай-ақ Компанияның сауда платформасына қолжетімділік беру бойынша серіктестердің ақпараттық жүйелерін және (немесе) қашықтан қызмет көрсету жүйелерін пайдаланған кезде, Клиентті дәл сәйкестендіруге мүмкіндік беретін биометриялық сәйкестендіру, PIN-код немесе өзге де құралдар, оның ішінде Клиенттің мобильді нөміріне жіберілетін бір реттік кодтар сияқты Жеке кабинетке кірген кезде Клиентті сәйкестендірудің баламалы құралдарын баптауға болады. Бұл ретте Клиент өзінің аутентификациялау құралдарын сақтауды және беруді Компанияның Сауда платформасына және оларда қолданылатын кіріктірілген аутентификациялау, шифрлау және осы ақпаратты рұқсатсыз қол жеткізуден қорғау әдістеріне қолжетімділік беру бойынша серіктестердің дербес құрылғысына және (немесе) ақпараттық жүйелеріне және (немесе) қашықтықтан қызмет көрсету жүйелеріне сеніп тапсырады.

2.13. Сәтті аутентификациялаудан кейін жүйені пайдаланушы – тиісті осы Клиент бойынша Клиентті динамикалық авторизациялау (сәйкестендіру) рәсімі жүргізіледі.

2.14. Клиентті аутентификациялаудың және динамикалық сәйкестендірудің жоғарыда аталған тәсілдерінің әрқайсысы, сондай-ақ олардың тәртібі және Клиенттің электрондық қызметтерді алуға құқықтарын растау Сауда платформасының, Жеке кабинеттің функционалына сәйкес және Ережеге сай белгіленген.

2.15. Қажет болған кезде Клиент пен Компанияның арасындағы алдын ала жазбаша келісім бойынша және/немесе Шартта, заңнамада тікелей көзделген

жағдайларда Клиенттің шоттарынан (шоттарына) бағалы қағаздарды есептен шығару (есепке жазу), сондай-ақ бағалы қағаздарға ауыртпалық салу және ауыртпалықты алып тастау бойынша операцияларды жүргізуді қамтамасыз ету үшін Клиент Жеке кабинетте Қазақстан Республикасының Ұлттық куәландырушы орталығы берген өзінің қолданыстағы ЭЦҚ-сын пайдаланады.

2.16. ЭЦҚ дайындау қажет болған жағдайда Клиент ЭЦҚ дайындау жөніндегі уәкілетті органға өз бетінше баруға құқылы. Бұл ретте ЭЦҚ дайындау бойынша барлық әрекетті Клиенттің уәкілетті тұлғаларының әрқайсысы Қазақстан Республикасының Ұлттық куәландырушы орталығының талаптарына сәйкес өз бетінше орындауға тиіс.

2.17. Клиент бір реттік (біржолғы) және көп реттік кодтарды қоса алғанда, өзінің ЭЦҚ, сәйкестендіру/аутентификациялау/динамикалық сәйкестендіру құралдарының, сондай-ақ смартфонда және (немесе) дербес құрылғыларда бапталған авторизациялау құралдарының сақталуын өз бетінше қамтамасыз етеді. Бір реттік (біржолғы) және көп реттік кодтарды қоса алғанда, ЭЦҚ, сәйкестендіру/аутентификациялау/динамикалық сәйкестендіру құралдарының сақталуы үшін барлық жауапкершілік Клиентке жүктеледі. ЭЦҚ-ны, сәйкестендіргішті/аутентификациялау/сәйкестендіру құралдарын, сондай-ақ смартфонда және (немесе) дербес құрылғыларда бапталған авторизациялау құралдарын дұрыс сақтамау және/немесе пайдалану нәтижесінде Клиенттің уәкілетті емес тұлғаларының немесе үшінші тұлғалардың пайдалануынан болған барлық залалды Клиент көтереді. Бұл ретте Клиент Клиенттің тиісті сертификаттарының және кілттерінің/аутентификациялау құралдарының қолданысын тоқтата тұру үшін немесе жаңаларын алу үшін Клиенттің уәкілетті тұлғаларының құрамының өзгергені туралы Компанияға уақтылы хабарлауға міндетті.

2.18. Клиент Жеке кабинеттің жұмысы үшін қажет техникалық және коммуникациялық ресурстарды өз бетінше және өз есебінен қамтамасыз етеді. Жабдықтарға және бағдарламалық жасақтамаға қойылатын талаптар Ережеде белгіленген.

2.19. Клиент өз интернет-провайдері арқылы жеке кабинетке қосылу үшін интернет желісіне өз бетінше кіреді.

2.20. Клиент Жеке кабинетке қосылу үшін қажетті парольді өз бетінше өзгерте алады. Пароль – құпия ақпаратты білдіретін латын әліпбиі әріптері мен цифрларының кез келген реттілігі, оның сақталуы Клиенттің жеке жауапкершілік аймағында болады.

2.21. Компания электрондық қызметтерді көрсетуді:

2.21.1. бұл туралы хабарламаны кемінде күнтізбелік 3 (үш) күн бұрын Компанияның Жеке кабинеті арқылы Клиентке жіберу және/немесе ақпаратты Компанияның интернет-ресурсында жариялау арқылы немесе өзге тәсілмен:

- Сауда платформасында, Жеке кабинетте жоспарлы және жоспардан тыс профилактикалық жұмыстарды орындағанда, Сауда платформасы мен Жеке кабинетте жоспарлы технологиялық өзгерістерді жүзеге асырған жағдайда;
- Жеке кабинет арқылы Клиент алған ақпаратты заңсыз пайдалану туралы мәліметтерді алған жағдайда, біржақты тәртіппен тоқтата тұрады және тоқтатады;

2.21.2. Сондай-ақ 2.21.1-тармақшада аталғаннан бөлек мына жағдайда:

- Клиенттің сауда платформасына рұқсатсыз қол жеткізгені туралы болжамдарға негіздер болғанда;
- Клиенттің Жеке кабинетінде рұқсатсыз немесе зиянды әрекеттерді жасағаны туралы болжамдарға негіздер болғанда;
- жоспардан тыс профилактикалық жұмыстарды орындаған кезде Жеке кабинетте жаңылысу болғанда;
- даулы жағдайлар туындағанда, оның ішінде аталған даулы жағдайлар шешілгенге дейін не Клиент пен Компания аралық келісімге қол жеткізгенге дейін Жеке

кабинетті, Сауда платформасын пайдалануға немесе пайдалану мүмкін болмауына байланысты;

- Клиент бағалы қағаздар нарығындағы қызмет реттейтін қолданыстағы немесе қолданылатын заңнаманы бұзғанда, Клиент Шартты, Ережені, биржалық ақпарат иелерінің ережелерін бұзғанда, сондай-ақ сауда-саттықты ұйымдастырушының, Компанияның немесе байланыс арналарын жеткізушілердің бағдарламалық-техникалық құралдарында техникалық іркілістер болған жағдайда;

- сәйкестендіргішті немесе бір реттік (біржолғы) және көп реттік кодтарды және Клиенттің ЭЦҚ-сын компрометациялау туралы ақпарат болған жағдайда, Компанияның электрондық қызметтер көрсету бойынша өз міндеттемелерін орындауды біржақты тәртіппен тоқтата тұруға немесе Клиентке хабарламай оны орындаудан бас тартуға құқығы бар. Бұл жағдайда Клиент жаңа сәйкестендіргішті, ЭЦҚ және бір реттік (біржолғы) және көп реттік кодтарды алғаннан кейін, Компания электрондық қызметтер көрсету бойынша міндеттемелерді қайта орындай бастайды.

2.21.3. Компания Сауда операциясын, дербес шот бойынша операцияларды орындаған кезде Шартта, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздер бойынша, оның ішінде мына шарттар басталған кезде:

- Дербес шоттан есептен шығарылуға тиіс бағалы қағаздардың саны осы шоттағы бағалы қағаздардың санынан асып түссе;

- Клиенттің шотындағы ақшалай қаражат сомасы сауда операциясын жүргізуге жеткіліксіз болса;

- есептен шығарылуға тиіс, ауыртпалық салынған және (немесе) бұғатталған бағалы қағаздар болса, электрондық қызметтер көрсетуді тоқтата тұрады.

2.21.4. Ереженің 2.21.3-тармақшасында көзделген жағдайлардың бірі басталған кезде, Компанияның сауда платформасы және (немесе) Жеке кабинет Клиентке осы операцияларды/мәмілелерді жасаудан бас тарту туралы хабарлама береді.

2.21.5. Компания Ереженің 2.21.6-тармақшасында белгіленген тәртіппен, шарттарда және негіздер бойынша электрондық қызметтер көрсетуді тоқтатады.

2.21.6. Клиент электрондық қызметтер көрсету тәртібіне/шарттарына/тәсілдеріне қатысты Шарт бойынша қабылданған міндеттемелерді, шарттарды/талаптарды және/немесе Ережені бұзған кезде, Компания кемінде 1 (бір) жұмыс күні бұрын Клиентке электрондық қызметтер көрсетуді соттан тыс біржақты тәртіппен тоқтатады.

Шарттың қолданысы тоқтатылған жағдайда және/немесе оны бұзу салдарынан Жеке кабинетті пайдалану дереу тоқтатылады.

2.22. Клиентке Жеке кабинетке кіру үшін пароль Клиенттің өтініші негізінде өзгертіледі.

2.23. Компания Клиенттің сұратуымен Клиенттен сұрату келіп түскен сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Компания Жеке кабинетті пайдаланып алған Клиенттің қажетті тапсырмаларының куәландырылған көшірмелерін Клиентке береді.

2.24. Сауда платформасына, Жеке кабинетке электрондық қызметтер көрсету тәртібімен және (немесе) Клиентті сәйкестендіру және авторизациялау құралдарымен байланысты елеулі өзгерістер туралы хабарламалар Клиентке осы өзгерістер күшіне енген сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде Компанияның корпоративтік интернет-ресурсында және (немесе) тікелей Жеке кабинетте жариялау арқылы жасалады (Клиенттің назарына жеткізіледі).

3-ТАРАУ. КЛИЕНТТІҢ ЕСЕПТІК ЖАЗБАСЫН БҰҒАТТАУ/ БҰҒАТТАН ШЫҒАРУ

3.1. ЭЦҚ жоғалған және/немесе аутентификациялау/динамикалық сәйкестендіру құралдары үшінші тұлғаларға ашылған жағдайда, Компанияның сауда

платформасындағы клиенттің есептік жазбасын электрондық поштамен бұғаттау мүмкін болмаған жағдайда, Клиент жазбаша өтініш беру арқылы Компанияға дереу хабарласуға тиіс.

3.2. Компанияның сауда платформасында есептік жазбаны бұғаттаған кезде клиенттің электрондық қызметтерге қол жеткізуіне тыйым салынады және электрондық қызметтер көрсету біржақты тәртіппен тоқтатылады.

3.3. Компания клиенттің есептік жазбасын бұғаттау туралы өтінішін алған сәтке дейін жеке кабинет арқылы Компания алған клиенттің барлық тапсырмасы, тіпті олар алаяқтық жолмен жасалса да және клиент кез келген уақытта берген кез келген басқа нұсқаулардың немесе тапсырмалардың шарттарына қайшы келсе де, клиент тиісінше санкциялаған тапсырмалар ретінде қарастырылады. Клиенттің тапсырмаларының және/немесе клиенттің тапсырма беруге өкілеттігінің түпнұсқалығы үшін, сондай-ақ клиенттің есептік жазбасын бұғаттау үшін уақтылы хабарласпағаны үшін Компания жауапкершілік көтермейді.

3.4. Компанияның сауда платформасындағы Клиенттің есептік жазбасы, оның ішінде клиенттің есептік жазбасына парольді тоғыз реттен көп дұрыс термеу салдарынан бұғатталған жағдайда, ол Компанияның электрондық пошталық мекенжайына жіберілген клиенттің еркін нысандағы өтінішінің негізінде бұғаттан шығарылады.

3.5. Компаниядағы барлық шотты жабатын кезде есептік жазбасының күші барлық шотты жабумен қатар жойылады.

4. ҚАУІПСІЗДІК РӘСІМДЕРІ

4.1. Қауіпсіздік рәсімдері клиентті және оның электрондық қызметтерді алуға арналған құқығын шынайы сәйкестендіруге, клиентке электрондық қызметтер көрсетілетін электрондық құжаттардың мазмұнында бұрмалаушылықтардың және/немесе өзгерістердің болуын анықтауға, коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратқа рұқсатсыз қол жеткізуден қорғауды қамтамасыз етуге және осы ақпараттың бүтіндігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

4.2. Қауіпсіздік рәсімдеріне:

- 1) клиентті анық аутентификациялау (жеке кабинетке кіру және операцияларды өткізу логин мен пароль бойынша, сондай-ақ көзделген жағдайларда ЭЦҚ арқылы жүргізіледі);
- 2) енгізілетін деректердің толықтығын бақылау. Функциялар немесе операциялар жеке кабинетте барлық жолды толық толтырмай орындалған жағдайда, тиісті хабарлама беріледі;
- 3) бағалы қағаздар нарығында коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратқа рұқсатсыз қол жеткізуден қорғау және клиенттің дербес деректері <https> хаттамаларын, RSA, SHA және ұқсас шифрлау рәсімдерін пайдаланып, алынатын және берілетін деректерді шифрлау арқылы жүзеге асырылады;
- 4) Компанияның сауда платформасының: бағдарламалық жасақтаманың кез келген учаскесінде кез келген уақытта электрмен қоректендіру толық немесе ішінара өшірілген кезде, желілерде, телекоммуникацияларда апат болғанда, орнатылған физикалық және виртуалдық қосылыстар үзілген кезде, электрондық архивтер мен дерекқорлардағы ақпараттың тұтастығы мен сақталуын қамтамасыз ету. Ақпараттың сақталуы, оның ішінде деректер базасының резервтік көшірмесін және қосымша серверде, айна және физикалық тұрғыда алыстағы қоймаларда транзакциялардың жүйелік журналын мерзімді сақтау арқылы қамтамасыз етіледі;
- 5) Компанияның сауда платформасына және клиенттің жеке кабинетіне рұқсатсыз қол жеткізуді ААЖ-да бұғаттау;

4.3. Ақпаратты қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі рәсімдер клиенттің пайдаланушылық дербес компьютерлерінде, мобильді құрылғыларында, сондай-ақ

Интернет желісінде және Компанияның серверлерінде және Компанияның сауда платформасына қолжетімділік беру бойынша серіктестерге қашықтан қызмет көрсету жүйелерінде орындалады.

4.4. Клиенттің жеке кабинетіне қол жеткізген кезде және Компанияның сауда платформасында электрондық қызметтер көрсеткен кезде аутентификациялау мақсатында мынадай сәйкестендіру деректері – бастапқы тіркеу кезінде – логин, уақытша пароль, кейіннен қол жеткізген кезде – логин мен пароль көзделеді. Қосымша қорғау ЭЦҚ пайдалану рәсімдерінің көмегімен немесе клиенттің мобильді нөміріне жіберілетін бір реттік кодтар арқылы қамтамасыз етіледі. Клиенттің мобильді құрылғыларында, сондай-ақ Компанияның сауда платформасына қолжетімділік беру бойынша серіктестердің ақпараттық жүйелерін және (немесе) қашықтан қызмет көрсету жүйелерін пайдаланған кезде, Клиентті дәл сәйкестендіруге мүмкіндік беретін биометриялық сәйкестендіру, PIN-код немесе өзге де құралдар, оның ішінде Клиенттің мобильді нөміріне жіберілетін бір реттік кодтар сияқты Жеке кабинетке кірген кезде Клиентті сәйкестендірудің баламалы құралдарын баптауға болады. Бұл ретте Клиент өзінің аутентификациялау құралдарын сақтауды және беруді Компанияның Сауда платформасына және оларда қолданылатын кіріктірілген аутентификациялау, шифрлау және осы ақпаратты рұқсатсыз қол жеткізуден қорғау әдістеріне қолжетімділік беру бойынша серіктестердің дербес құрылғысына және (немесе) ақпараттық жүйелеріне және (немесе) қашықтықтан қызмет көрсету жүйелеріне сеніп тапсырады.

4.5. Жеке кабинетке бастапқы кіргеннен кейін клиент парольді өзгертуге міндетті. Компанияның сауда платформасында пайдаланушы уақытша (бастапқы) парольді ауыстырған сәтке дейін сауда операцияларының барлық түріне тыйым салынған.

4.6. ЭЦҚ-ны пайдалану талап етілмейтін жеке кабинетке кейіннен кіру, аутентификациялау, электрондық қызметтер көрсету, Клиенттің тапсырмаларын орындау бастапқы тіркелген кезде (не есептік жазбаны өзгерткен кезде) клиент өз бетінше көрсеткен логиннің, парольдің негізінде жүргізіледі. Белгіленген жағдайларда сауда операциялары бойынша электрондық қызметтер бір реттік пароль арқылы көрсетілуі мүмкін.

4.7. Клиент жеке кабинетіне кіру үшін, сондай-ақ электрондық қызметтерді алу үшін парольді бірнеше рет (қатарынан тоғыз реттен көп) дұрыс енгізбеген жағдайда, Компанияның сауда платформасындағы клиенттің есептік жазбасы автоматты түрде біржақты тәртіппен бұғатталады.

4.8. Клиент Компанияның сауда платформасына қол жеткізуге арналған ақпараттық жүйелерді және (немесе) серіктестерге қашықтан қызмет көрсету жүйелерін пайдаланып, электрондық қызметтер көрсеткен кездегі қауіпсіздік рәсімдері:

4.8.1. Компания Компанияның сауда платформасына қолжетімділік беру бойынша шифрлауды қолданып, қорғалған байланыс арналары арқылы серіктеспен ақпаратпен алмасады;

4.8.2. барлық жолды толық толтырмай, функцияларды немесе операцияларды орындаған жағдайда, енгізілетін деректердің толықтығын бақылау тиісті хабарлама беру арқылы қамтамасыз етіледі;

4.8.3. Серіктес клиентті ақпараттық жүйеде және (немесе) серіктеске қашықтықтан қызмет көрсету жүйесінде аутентификациялаған кезде алған және серіктес тиісті аутентификациялаудан өткен клиенттің деректері және жүйе жұмысының техникалық сипаттамаларында көрсетілген деректемелер ретінде Компанияға берген клиенттің деректері негізінде Компания клиентті аутентификациялайды;

4.8.4. Осы Ереженің 2.10-тармағында аталған операцияларды қоспағанда,

тапсырмаларды жіберу үшін және өзге операцияларды жүргізу үшін бір реттік (біржолғы) парольді не ЭЦҚ пайдаланып, клиентті динамикалық сәйкестендіруді пайдалану көзделген. Қауіпсіздікті арттыру және санкцияланбаған операциялардың тәуекелін азайту мақсатында Компания клиенттің сауда операцияларын операцияның ең көп сомасы және (немесе) түрі бойынша ЭЦҚ-ны пайдаланбай шектеуге құқылы;

4.8.5. сауда платформасына ақпараттық жүйелер және (немесе) серіктестерге қашықтан қызмет көрсету жүйелері арқылы қолжетімділік беру үшін, клиент ақпараттық жүйелер және (немесе) серіктестерге қашықтан қызмет көрсету жүйелері арқылы тиісті сұрату жібереді. Егер сұрату авторизацияға тексеруден сәтті өтсе, клиент ақпараттық жүйе және (немесе) серіктеске қашықтан қызмет көрсету жүйесі арқылы сәтті аутентификацияланған болып саналады және Компанияның электрондық қызметтерін ақпараттық жүйелер және (немесе) серіктеске қашықтан қызмет көрсету жүйелері арқылы пайдалана алады;

4.8.6. кез келген уақытта бағдарламалық жасақтаманың кез келген учаскесінде электрмен қоректендіру толық немесе ішінара өшірілген кезде және желілерде, телекоммуникацияларда апат болғанда, орнатылған физикалық және виртуалдық қосылыстар үзілген кезде, электрондық архивтер мен дерекқорлардағы ақпараттың тұтастығы мен толық сақталуын Компанияның қосымша серверінде дерекқордың резервтік көшірмесін және транзакциялардың жүйелік журналын мерзімді сақтау арқылы қамтамасыз ету.

4.9. Жеке кабинетте ақпаратты енгізу жағдайларын қоспағанда, клиент клиенттің мобильді нөміріне жіберілетін өзінің логинін, парольін және бір реттік (көп реттік) парольдерін жария етпеуге, кез келген үшінші тұлғаларға (Компания қызметкерлерін қоса алғанда) бермеуге тиіс.

4.10. Клиент қауіпсіздік рәсімдерін орындаған жағдайда, электрондық қызметтер көрсетіледі.

4.11. Рұқсатсыз кіргені анықталған не жеке кабинетке рұқсатсыз кірді деген күдік болған кезде, клиент бұл туралы Компанияға оны анықтаған күннен кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірмей хабарлайды. Хабарлама жазбаша түрде еркін нысанда немесе клиенттің сауалнамада көрсетілген электрондық поштасы арқылы жіберіледі. Компания қызмет көрсетуді мән-жайлар толық анықталғанға дейін тоқтата тұрады және Компания клиенттің жинақталған есептік жазбасының күшін жою рәсімін жүзеге асырғаннан кейін және клиент жаңа сәйкестендіру деректерін (логин мен уақытша парольді) алғаннан кейін, клиент жеке кабинет арқылы беретін келесі тапсырмаларды қабылдайды. Компания уақтылы хабарламағаны (хабарламағаны) үшін жауапты болмайды және клиент оның уақтылы айналымының нәтижесінде туындаған залалдар тәуекелін дербес көтереді.

4.12. Электрондық қызметтерді көрсеткен кезде туындайтын бағалы қағаздар нарығында коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратқа және клиенттің дербес деректеріне рұқсатсыз қол жеткізілгенін, олардың рұқсатсыз өзгертілгенін, рұқсатсыз сауда операцияларының, дербес шот бойынша операциялардың және ақпараттық операциялардың жүргізілгенін анықтаған кезде, Компания бұл туралы клиентке оларды анықтаған күннен кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірмей хабарлайды.

4.13. Компанияның сауда платформасында:

- белгілі бір функциялар мен міндеттерді оларды орындаудың белгіленген тәртібін бұзып орындауға мүмкіндік беретін құралдарды ұстауға;
- қалыптастырылып қойған шығыс есептеріне тікелей өзгерістер енгізуге мүмкіндік беретін функциялардың болуына;
- арнайы осыған арналған операцияларды (функцияларды) қоспағанда, жүргізілген операциялар және дербес шоттардың жай-күйі туралы деректерді өзгертуге (жоюға);
- шығыс нысандарын, оның ішінде клиенттік тапсырысты, клиенттің бұйрығын, клиенттің жүргізген операциялары туралы есепті, клиенттің дербес шотынан үзінді

көшірмені пішімдеуге (өзгертуге) жол берілмейді.

4.14. Электрондық қызметтер алған кезде:

4.14.1. Клиенттің Жеке кабинеттің, Сауда платформасының жұмысына байланысты және коммерциялық құпия болып табылатын кез келген ақпаратты, сондай-ақ кез келген өзге де ақпаратты ішінара және/немесе толық үшінші тұлғаларға таратуына (Компания Клиентке осы ақпаратты ашуға және/немесе қайта шығаруға және/немесе таратуға уәкілеттік берген жағдайларды қоспағанда) жол берілмейді;

4.14.2. Клиент өзінің бағдарламалық-техникалық құрылғыларын (дербес компьютерін, смартфонын, оларға орнатылған бағдарламалық жасақтаманы және басқа да ақпараттық жүйелерді) қорғаудың тиісті деңгейін қамтамасыз етеді, ол үшінші тұлғалардың Жеке кабинет пен Сауда платформасы арқылы алған ақпаратын одан әрі таратуына жол бермейді.

4.14.3. Клиент өзінің ұялы телефонына, смартфонна, дербес компьютеріне және кез келген аутентификациялау/сәйкестендіру құралдарына үшінші тұлғалардың қол жеткізу мүмкіндігіне жол бермейді;

4.14.4. Клиент өзінің бағдарламалық-техникалық құрылғыларының (дербес компьютерінің, смартфонның, оларға орнатылған бағдарламалық жасақтаманың және басқа да ақпараттық жүйелердің) жүйелі профилактикасын, вирусқа қарсы тексеруді және қорғауды қамтамасыз етеді;

4.14.5. Қажет болған кезде және Жеке кабинет жұмысының ақаулары болған жағдайда басқа байланыс құралдары бойынша Компаниямен байланысу қамтамасыз етіледі.

4.14.6. Пайдаланушының құпиялылықты сақтау және ақпаратты таратпау бойынша міндетті шарттарды сақтамауы нәтижесінде Компанияға залал келтірілген жағдайда, Клиент Компанияға тікелей залалды толық көлемде өтеуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өзге де жауапкершілікте болуға міндетті.

4.14.7. Клиенттің:

- сауда-саттықты ұйымдастырушылардың сауда-саттық барысы туралы тікелей көзделген ақпаратты, талдамалық шолуларды және ақпараттық агенттіктерден өзге де ақпаратты қоспағанда, Жеке кабинеттен Клиентке тиесілі емес және тікелей жатпайтын мәліметтерді алуға;
- жеке кабинетке не бөгде сәйкестендіргішті пайдаланып, не бөгде сәйкестендіргіш пен кілтті іріктеу әдісімен қосылуға;
- Компанияның жергілікті желілеріне кіру мақсатында қолда бар техникалық құралдарды пайдалануға бағытталған әрекеттерді;
- кейбір кіші жүйелердің және/немесе тұтастай Жеке кабинеттің жұмысында жаңылысу туындауы үшін алғышарттар жасайтын кез келген басқа да әрекеттерді жасауына жол берілмейді.

4.15. Клиенттің осы Ереженің 4.14-тармағында келтірілген қауіпсіздік рәсімдері мен талаптарын орындамауы Жеке кабинетті пайдаланып, Клиенттің сауда платформасына қол жеткізуін тоқтата тұру немесе тоқтату үшін сөзсіз негіз болып табылады.

4.16. Клиенттің келісімінсіз Жеке кабинетке қосылу анықталған жағдайда, сондай-ақ Шартта, Ережеде көзделген өзге де жағдайларда Клиент мынадай тәсілдердің бірімен:

- Компанияның клиенттерді қолдау қызметіне телефон арқылы сөйлесу жазбаларын тіркеп, хабарласу арқылы;
- Компанияға еркін нысанда қағаз жеткізгіште жасалған жазбаша өтінішті беру арқылы (Компанияның Астана қаласының уақытымен сағат 09: 00-ден 18: 00-ге дейін белгіленген жұмыс режиміне сай, бес күндік жұмыс аптасына сай (дүйсенбіден жұмаға дейін));
- Компанияға info@bcc-invest.kz электрондық пошта мекенжайына [электрондық](#)

тәсілмен хабарлама жіберу арқылы Компанияға дереу хабарлама жібереді.

5-ТАРАУ. КОМПАНИЯ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТКЕН КЕЗДЕ ТУЫНДАЙТЫН ДАУЛЫ ЖАҒДАЙЛАРДЫ ШЕШУДІҢ НЕГІЗГІ ШАРТТАРЫ (ЕРЕЖЕЛЕРІ), ТӘРТІБІ МЕН ТӘСІЛДЕРІ

5.1. Егер Клиент оның аутентификациялау/сәйкестендіру құралдарын пайдаланып, тапсырма берген жағдайда, осы аутентификациялау құралдарын пайдаланып берілген барлық тапсырма Клиенттің осы тапсырмаларды оның атынан беру фактісін мойындайтынын білдіреді. Клиентті аутентификациялау/сәйкестендіру құралдарын пайдаланып, тапсырма беру фактісі операцияны жүргізу үшін жеткілікті негіз болып табылады, бұл ретте аталған тапсырмалардың негізінде жасалған мәмілелерді/операцияларды Клиент өзінің атынан жасалған деп таниды.

5.2. Клиент Жеке кабинет арқылы Компанияға берген және Компания алған, яғни олардың сәйкестендіру/аутентификациялау құралдарын тексергенде оң нәтиже берген тапсырмалар қағаз жеткізгіште жасалған және осы Клиенттің немесе оның уәкілетті тұлғасының және (заңды тұлғалар үшін) расталған өз қолымен қол қойылған, Клиенттің мөр бедерімен расталған, мағынасы мен мазмұны бойынша баламалы құжаттарға тең заңды күші болады.

5.3. Компанияның электрондық құжатты/тапсырманы орындауға қабылдаған уақыты электрондық құжатты/тапсырманы өңдеуге қабылдаған сәттен бастап сервердің жүйелік сағаттары бойынша Компанияның серверінде осы электрондық құжатты/тапсырманы тіркеген уақыт болып табылады. Бұл ретте Клиенттің тапсырмалары/құжаттары Компанияның корпоративтік интернет-ресурсында және (немесе) Жеке кабинетте жарияланған Компанияның операциялық күнінің кестесіне сай олар тіркелген сәттен бастап орындауға қабылданады. Клиенттің көрсетілген мерзімнен кейін келіп түскен тапсырмалары келесі операциялық күнмен орындалуға тиіс.

5.4. Сауда-саттық кезінде Клиенттің қашықтан жұмыс орнының және (немесе) Сауда платформасының жұмысында жаңылысу болған жағдайда, Жеке кабинетте Клиенттің бұрын берілген барлық тапсырмасы белсенді болып қалады. Қашықтағы жұмыс орнының жұмысында жаңылысу болған кезде, Клиент Жеке кабинет арқылы Сауда платформасында қалдырылған Клиенттің тапсырмалары туралы бірлескен шешім қабылдау үшін Компаниямен жедел байланысуға міндетті.

5.5. Электрондық құжатты/тапсырманы жіберу және/немесе алу Сауда платформасы аясында электрондық түрде расталады. Компания алынған және/немесе орындалған электрондық құжаттарды/тапсырмаларды Сауда платформасын есепке алудың электрондық журналында есепке алады (тіркейді).

5.6. Жеке кабинетте қабылданған және орындалған электрондық құжаттардың, сондай-ақ Клиентке жіберілген электрондық есептер мен ресми хабарламалардың қалыптастырылатын электрондық көшірмесі электрондық қызметтерді алған кезде Шарттың аясында мәмілелер жасау фактісінің дәлелі болады.

5.7. Егер электрондық құжат тиісті түрде ресімделсе, аутентификациялаудан сәтті өтсе, белгіленген жағдайларда ЭЦҚ-мен куәландырылса немесе бір реттік (бір реттік) кодпен расталса, Жеке кабинетте берілсе, ал қабылдаушы тарап орындаса, электрондық құжат Клиент пен Компанияның Шарт бойынша міндеттемелерін туғызады.

5.8. Электрондық қызметтер көрсеткен кезде Клиент пен Компанияның арасында дауды жағдайлар туындаған жағдайда, Клиент өзі берген тапсырмаларды, алынған электрондық құжаттарды Компанияның есепке алу жүйесіндегі деректермен салыстыруға бастама көтере алады. Жеке кабинеттегі және Компанияның есепке алу жүйесіндегі мәліметтер сәйкес келмеген кезде, Компанияның есепке алу жүйесінде

мәліметтер басым болады.

5.9. Компания Сауда платформасы мен Жеке кабинеттің үздіксіз және қатесіз жұмысын қамтамасыз ету үшін барлық қисынды күш-жігерді қолданады. Компания Сауда платформасы мен Жеке кабинеттің қатесіз және үздіксіз жұмысына кепілдік бермей және Компанияның электрондық қызметтерді пайдалану (пайдалануға мүмкіндіктің болмауы) нәтижесінде қандай да бір тікелей және жанама шығынды өтемей, Жеке кабинет Клиентке «Қалай бар, солай» және «Бар болса» принциптері бойынша пайдалануға беріледі.

5.10. Техникалық жаңылысу, қате жұмыстар, ақпарат беруде кідірістер анықталған кезде, Клиент сауда платформасының жұмысындағы кемшіліктерді жою үшін Компанияның техникалық қолдау қызметіне хабарласуға құқылы.

5.11 Электрондық қызметтер көрсеткен кезде Шарт бойынша Тараптардың арасында туындаған барлық келіспеушілік, даулы жағдайлар келіссөздер арқылы шешіледі, ал келісімге қол жеткізілмеген жағдайда Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.

Жеке кабинетті пайдаланушының нұсқаулығы

Тілдерді қолдау

bcstrade.kz жеке кабинетінің web нұсқасында Сіз орыс тілінің интерфейсінен ағылшын, қазақ тілдеріне және керісінше ауыса аласыз, бұл үшін мәзірдің сол жақ жоғарғы жағындағы тиісті белгіні баса аласыз.

Компанияның сауда платформасына және смартфондарға арналған қосымшаларға қолжетімділік беру бойынша серіктестердің ақпараттық жүйелерін және (немесе) қашықтан қызмет көрсету жүйелерін пайдаланған кезде жеке кабинет интерфейсінің тілдері тілдерді ауыстырып қосуды қолдамауы мүмкін.

Келтірілген барлық иллюстрация bcstrade.kz жеке кабинетінің web нұсқасы үшін мысал болады, жеке кабинеттің нақты сыртқы көрінісі Компанияның сауда платформасына және смартфондарға арналған қосымшаларға қолжетімділік беру бойынша ақпараттық жүйелерді және (немесе) серіктестерге қашықтан қызмет көрсету жүйелерін пайдаланған кезде жеке кабинеттің функционалдық мүмкіндіктеріне байланысты келтірілгеннен айтарлықтай өзгеше болуы мүмкін.

1. ЖАБДЫҚТАРҒА ЖӘНЕ БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМАҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Жұмыс істеу үшін сізде «Интернет» желісіне қолжетімділік болуы керек және мына жиынтықта өзіңіздің техникалық жабдығыңызды пайдалануыңыз керек:

- Интернет желісіне қосылған дербес компьютер;
- Windows 7 және одан жоғары операциялық жүйесі немесе Java қолдаушы браузері орнатылған басқа операциялық жүйе;
- Java қолдайтын кез келген браузер (ЭЦҚ-ны пайдаланған кезде);
- Java runtime Environment (ЭЦҚ-ны пайдаланған кезде).

Заманауи операциялық жүйелердің көпшілігін Java қолдайды және қосымша бағдарламалық жасақтаманы орнату талап етілмейді.

Жүйеде электрондық цифрлық қолтаңбасын пайдалануға жол берілетін куәландырушы орталықтардың тізімі:

- Ұлттық куәландырушы орталық.

iOS 9.3.5 және одан жоғары қолдауы бар смартфон
Android 7.0 және одан жоғары қолдауы бар
смартфон.

Компанияның сауда платформасына қолжетімділік беру бойынша серіктестердің жабдыққа және бағдарламалық жасақтамаға қоятын талаптары келтірілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

2. ЕСЕПТЕР

Жеке кабинетте клиент пен Компанияның арасында жасалған Брокерлік қызмет көрсету және номиналды ұстау бойынша қызмет көрсету туралы шарттың (бұдан әрі мәтін бойынша – брокерлік шарт немесе осы тармақта аталғандай) аясында брокерлік шоттарда жүргізілген операциялар бойынша есептер көрсетіледі.

Есептер бөлімінің деректері анықтамалық сипатта болады және оны ресми ақпарат ретінде пайдалануға болмайды. Есептердегі деректер күн сайын жаңартылады.

2.1. Мәмілелер тарихы

Бұл есепте Компаниямен жасалған брокерлік шарттардың аясында жасалған (орындалған) мәмілелердің тарихы көрсетіледі.

Есеп операциялар жүргізілген күн бойынша сұрыпталады.

[Профиль пользователя](#)

[Сменить пароль](#)

[Счета пользователя](#)

[Инвестиционные идеи](#)

[Видео инструкции](#)

[Выход](#)

[Журнал посещений](#)


История сделок ЦБ:
[GB_KZMS](#)
[KAZ_LN](#)
[KZTO](#)
[RDGZ](#)
[RDGZp](#)
[SVST_LI](#)

История сделок ПИФ:
[ИПИФ "ЦентрКредит-Разумный баланс"](#)

История сделок

с по Выбрать период

Дата операции	Инструмент	Тикер	Тип приказа	Цена	Количество	Сумма	Отчет
2015.04.28	Акции прив. "Разведка Добыча "КазМунайГаз"	RDGZp	Зачисление ЦБ	2,7700 KZT	45 000	124 650,00 KZT	
2015.04.28	GDR KAZ Minerals PLC	KAZ_LN	Зачисление ЦБ	629,0972 KZT	55 000	34 600 347,00 KZT	
2015.03.11	Облигации ГЦБ Республики Казахстан/МOM060_0047	MOM060_0047	покупка открытие АВТОРЕПО	14,0000 KZT	17 782	16 000 023,10 KZT	PDF
2015.03.10	J.P.MORGAN		Покупка	94,7000 KZT	10 762 936	1 019 250 000,00 KZT	PDF
2015.02.10	Простые акции "КазТрансОйл"	KZTO	Покупка	640,0000 KZT	80	51 200,00 KZT	PDF
2014.12.31	Простые акции АО КАЗАХТЕЛЕКОМ	KZTK		0,0000 KZT	0	742 200,00 KZT	



ПИФ «ЦентрКредит – Разумный баланс»

ПОПОЛНИТЬ
БЕЗ КОМИССИЙ

2-сурет. Мәмілелер тарихы туралы есеп*¹

Бұл есепте мыналар көрсетіледі:

- Операция күні – операция жүргізілген күн мен уақыт. Операция жүргізілген күн мен уақыт бұйрық шығарылған күн мен уақыттан өзгеше болуы мүмкін;
- Құрал – бір ақпараттық жүйенің (KASE, Bloomberg және т.б.) аясында бағалы қағаздың атауы. Егер бағалы қағазды сақтау орны өзгертілсе, әдетте бағалы қағазды атауы өзгертілгенде, бір бағалы қағаз есептен шығарылады және басқасы есепке жазылады;
- Тикер – бағаланатын қаржы құралдарының қысқаша атауы. Бір биржа немесе ақпараттық жүйе аясында бірегей сәйкестендіруші болып табылады. Кейбір компаниялардың әртүрлі биржаларда пайдаланылатын бір бағалы қағаз үшін бірнеше түрлі тикерлері болады;
- Бұйрықтың түрі – осы мәміле бұйрығы түрінің қысқаша атауы (сатып алу/сату, есептен шығару/есепке жазу);
- Баға – бұйрықта көрсетілген баға (облигациялар үшін «таза емес» баға көрсетіледі);
- Саны – бұйрықта көрсетілген саны;
- Сомасы – мәміле сомасы (бағасы * саны);
- Қаржы құралдарымен операция жүргізу туралы онлайн есеп-растау. Бұл есеп мәмілені есептегеннен кейін қалыптастырылады (БҚ сатып алу/сату; РЕПО).

2.2. Кіру журналы

Бұл есепте пайдаланушының сәтті аутентификацияларының (сессиялардың ашылуы және жабылуы) тарихы жеке кабинеттің web нұсқасында көрсетіледі.

Кіру журналы жүйеге рұқсатсыз кірудің жоқтығын тексеру мақсатында жүйелі түрде

*¹ Барлық графикалық мысал жеке кабинеттің веб-нұсқасы үшін келтірілген.

тексеру қажет.

[Профиль пользователя](#)

[Сменить пароль](#)

[Счета пользователя](#)

[Инвестиционные идеи](#)

[Видео инструкции](#)

[Выход](#)



[Журнал посещений](#)

История сделок ЦБ:

[GB_KZMS](#)

[KAZ_LN](#)

[KZTO](#)

[RDGZ](#)

[RDGZp](#)

[SVST_LI](#)

История сделок ПИФ:

[ИПИФ "ЦентрКредит-Разумный баланс"](#)

Журнал посещений

с по [Выбрать период](#)

Период	Пользователь	Контрагент	IP адрес	Событие
18.03.2016 14:56:29	USER000	Иванов Иван Иванович	192.168.41.132	Открыл сессию.
18.03.2016 14:36:44	USER000	Иванов Иван Иванович	31.171.168.65	Открыл сессию.
18.03.2016 14:35:50	USER000	Иванов Иван Иванович	192.168.41.124	Открыл сессию.
18.03.2016 14:35:49	USER000	-	192.168.41.124	Сессия закрыта по таймауту
18.03.2016 12:29:55	USER000	Иванов Иван Иванович	192.168.41.124	Открыл сессию.
18.03.2016 12:25:08	USER000	Иванов Иван Иванович	31.171.168.65	Открыл сессию.
18.03.2016 11:14:20	USER000	Иванов Иван Иванович	192.168.41.132	Открыл сессию.
18.03.2016 11:04:59	USER000	-	192.168.41.124	Сессия закрыта по таймауту
18.03.2016 11:04:59	USER000	Иванов Иван Иванович	192.168.41.124	Открыл сессию.

3-сурет. Кіру журналы

Бұл есепте мыналар көрсетіледі:

- Пайдаланушы – жүйеге кірген пайдаланушының тіркелгі аты (login);
- Контрагент – осы есептік атау тиесілі контрагенттің атауы;
- IP мекенжай – жүйеге кіретін IP мекенжай;
- Оқиға – оқиға түрі (сессияның ашылуы және жабылуы, сондай-ақ сессияның тайм аут бойынша жабылуы);
- Кезең – оқиғаның күні мен уақыты.

2.3. БҚ мәмілелерінің тарихы

Бұл есепте сондай-ақ қаржы құралы бағасының тиісті мәніне «баға» бағанында басу арқылы «Ағымдағы портфель» бетінде қалыптастыруға болады. Есеп таңдалған бағалы қағаздың сатып алынған орташа өлшемді бағасының қалыптасу тарихы туралы ақпарат көрсетіліп, жаңа бетте ашылады.

Бөлімнің деректері анықтамалық сипатта болады және оны ресми ақпарат ретінде пайдалануға болмайды. Бөлімдегі деректер күн сайын жаңартылады.

[ГЛАВНАЯ](#) / [ПОРТФЕЛЬ ЦЕННЫХ БУМАГ](#) / [KZKDKY070081](#)

История сделок ЦБ: KZKDKY070081

с по [Выбрать период](#)

Дата	Вид операции	Кол-во	Цена покупки	Количество на конец периода	Средневзвешенная цена	Средневзвешенная стоимость
08.09.2010 11:11:13	Покупка	100 000	1 032,47	100 000	1 032,47	103 246 633,33

4-сурет. БҚ мәмілелерінің тарихы

Бұл есепте мыналар көрсетіледі:

- Күні – операция жүргізілген күн. Операция жүргізілген күн бұйрық шығарылған күн мен уақыттан өзгеше болуы мүмкін;
- Операция түрі – осы мәміленің операция түрінің қысқаша атауы (сатып алу/сату, есептен шығару/есепке жазу);
- Саны – таңдалған қаржы құралының мәміле саны;
- Сатып алу/сату бағасы – қаржы құралын сатып алу/сату бағасы (облигациялар үшін «таза емес» баға көрсетіледі);
- Кезең соңындағы саны – есептеу жолы (бастапқы сальдо +/- кіріс/ шығыс);
- Орташа алынған баға – есептеу жолы (кезең соңындағы орташа алынған күн/сан);
- Орташа алынған күн – сатып алынған БҚ-ның орташа сатып алу құнын көрсететін есептеу жолы.

2.4. ИПҚ мәмілелер тарихы

Бұл есепті сондай-ақ «Ағымдағы портфель» бетінде «Пайдың орташа алынған бағасы» бағанында бағаның тиісті мәніне басып, қалыптастыруға болады.

Бөлімнің деректері анықтамалық сипатта болады және оны ресми ақпарат ретінде пайдалануға болмайды. Бөлімдегі деректер күн сайын жаңартылады.

История сделок ПИФ:

с по

Дата	Вид операции	Кол-во	Сумма операции	Цена покупки	Количество на конец периода	Средневзвешенная цена	Средневзвешенная стоимость
31.12.2008 12:00:05	Покупка	10 510 418	11 862 790,65	1,13	10 510 418	1,13	11 862 790,65
19.01.2009 12:00:00	Покупка	22 195	20 000,00	0,90	10 532 613	1,13	11 882 790,65

тарихы

Бұл есепте мына ақпарат көрсетіледі:

- Күні – операциялар жүргізілген күн мен уақыт;
- Операция түрі – осы мәміленің операция түрінің қысқаша атауы (сатып алу/сату);
- Саны – пай сатып алуға/сатуға өтінімде көрсетілген сан;
- Сатып алу/сату бағасы – пай сатып алу/сату бағасы;
- Кезең соңындағы сан – кезең соңындағы сан туралы есептеу жолы (бастапқы сальдо +/- кіріс/ шығыс);
- Орташа алынған баға – есептеу жолы (кезең соңындағы орташа алынған күн/сан);
- Орташа алынған күн – пайдың ағымдағы көлемінің орташа сатып алу құнын көрсететін есептеу жолы.

2.5. Ақшалай қаражат мәмілелерінің тарихы

Бұл есепті сондай-ақ «Ағымдағы портфель» бетінде тиісті валюта бойынша ақшалай қаражат сомасына басу арқылы қалыптастыруға болады. Есеп ақшалай транзакциялар тарихы туралы ақпарат көрсетіліп, жаңа бетте ашылады.

Бөлімнің деректері анықтамалық сипатта болады және оны ресми ақпарат ретінде

пайдалануға болмайды. Бөлімдегі деректер күн сайын жаңартылады.

[Профиль пользователя](#)

[Сменить пароль](#)

[Счета пользователя](#)

[Инвестиционные идеи](#)

[Видео инструкции](#)

[Выход](#)



История движения денежных средств: KZT

с по Выбрать период

Период	Содержание	Операция	Валюта	Сумма в валюте
2015.03.11	покупка открытие АВТОРЕПО REPO_KZT_001	Расход	KZT	-16 000 023,10
2015.02.10	Удержана комиссия брокера KZ1C29950017	Расход	KZT	-1 982,00
2015.02.10	Удержана комиссия биржи KZ1C29950017	Расход	KZT	-100,00
2015.02.10	Покупка ценных бумаг KZ1C29950017	Расход	KZT	-51 200,00
2015.01.26	Удержание комиссии Дронин Александр Владимирович	Расход	KZT	-3 804,00
2014.10.23	Удержана комиссия биржи KZ1C29950017	Расход	KZT	-100,00
2014.10.23	Покупка ценных бумаг KZ1C29950017	Расход	KZT	-314 449,00
2014.10.23	Удержана комиссия брокера KZ1C29950017	Расход	KZT	-1 852,00
2014.10.23	Удержана комиссия биржи KZ1C29950017	Расход	KZT	-150,00
2014.10.23	Покупка ценных бумаг KZ1C29950017	Расход	KZT	-1 286 628,00
2014.08.27	Продажа ценных бумаг KZ1P15990115	Приход	KZT	139 000,00
2014.08.27	Удержана комиссия биржи KZ1P15990115	Расход	KZT	-100,00
2014.08.27	Удержана комиссия брокера KZ1P15990115	Расход	KZT	-1 852,00
2014.08.27	Продажа ценных бумаг KZ1P15990115	Приход	KZT	69 500,00

6-сурет. Ақшалай қаражат мәмілелерінің

тарихы

Бұл есепте мына ақпарат көрсетіледі:

- Кезең – операция жүргізілген күн;
- Операция – операция түрі (кіріс/шығыс);
- Валюта – валюта түрі;
- Валютадағы сома – шот валютасындағы операция сомасы;
- Мазмұны – транзакцияның қысқаша сипаттамасы.

2.6 Қағаздар бойынша есеп-үзінді көшірме

Осы есепте бағалы қағаздардың қозғалысы (сатып алу/сату; РЕПО; ауыртпалық) бойынша ақпарат көрсетіледі. Есеп сол күнге қалыптастырылады.

Бөлімнің деректері анықтамалық сипатта болады және оны ресми ақпарат ретінде пайдалануға болмайды. Бөлімдегі деректер мәміленің (сатып алу/сату; РЕПО; ауыртпалық) жасалуына қарай жаңартылады.

- [Порядки](#)
- [Просмотр отчетов](#)
- [Выписка](#)
- [Профиль пользователя](#)
- [Сменить пароль](#)
- [Счета пользователя](#)
- [Инвестиционные идеи](#)
- [Видео инструкции](#)
- [Выход](#)



АО "BCC INVEST" ДО АО "БЦК"

Лицензия на осуществление брокерской деятельности № 0401200668
 Адрес : г.Алматы, ул.Шевченко, 100 , Телефоны: тел:+7 (727) 244-32-32
 Факс: +7 (727) 244-32-31 , E-mail : info@bcc-invest.kz

Дата и время составления выписки 01.04.2016 16:26:06
 Выписка дана по состоянию на 01.04.2016 0:00:00

Клиент Иванов Иван Иванович
 Регистрационные данные Удостоверение,021180557,20-09-2007,МЮ РК
 № лицевого счета NDP681

Настоящая выписка является подтверждением прав владельца Лицевого счета на ценные бумаги, находящиеся на указанном Лицевом счете на дату выписки, но не является ценной бумагой.

Выписка действительна при наличии оптической печати АО "BCC Invest" и подписи ответственного лица.

Эмитент	Местонахождение эмитента	Вид ценной бумаги	НИН	Дата погашения	Основной	Блокировано ЦБ	Продано репо	Куплено репо	Принято в залог	Передано в залог	Итого на счете
АО "Казахстанская компания по управлению электрическими сетями" (КЕГОС)	Республика Казахстан	Акции	KZ1C34930012		839.0000	0.0000	0.0000	0.0000	0.0000	0.0000	839
KAZ Minerals PLC	Великобритания	Акции	GB00B0HZPV38		2962.0000	0.0000	0.0000	0.0000	0.0000	0.0000	2962
KAZ Minerals PLC	Великобритания	Акции	GB00B0HZPV38		55000.0000	0.0000	0.0000	0.0000	0.0000	0.0000	55000
Разв.Добыча "КазМунайГаз"	Республика Казахстан	Акции	KZ1C51460018		198.0000	0.0000	0.0000	0.0000	0.0000	0.0000	198

Бұл есепте мына ақпарат көрсетіледі:

- Эмитент – бағалы қағаздарды шығарған ұйымның атауы;
- Эмитенттің орналасқан жері – бағалы қағаздарды шығарған ұйымның мекенжайы;
- БҚ түрі – БҚ-ны жіктеу;
- ҰСН – БҚ-ның ұлттық сәйкестендіру нөмірі;
- БҚ-ны өтеген күн – облигацияларға тән бағалы қағазды өтеу мерзімі.
- Ауыртпалықтан бос БҚ саны (дана) – Компания клиентінің портфеліндегі бос БҚ санын көрсету;
- Бұғатталған БҚ саны (дана) – мәміле жасасқаннан кейін (сатып алу/сату, T+2) есептеудегі БҚ санын көрсету;
- РЕПО-ға сатылған БҚ саны (дана) – РЕПО (тікелей РЕПО) мәмілесі жасалғаннан кейін Компания клиентінің портфеліндегі бағалы қағаздар санын көрсету;
- РЕПО-ға сатып алынған БҚ саны (дана) – РЕПО (кері РЕПО) мәмілесі жасалғаннан кейін Компания клиентінің портфеліндегі БҚ санын көрсету;
- Кепілге берілген БҚ саны – мәміле жасалғаннан кейін кепілге берілген БҚ санын көрсету;
- Кепілге қабылданған БҚ саны (дана) – мәміле жасалғаннан кейін кепілге қабылданған БҚ санын көрсету;
- Шоттағы БҚ-ның жиынтығы – үзінді көшірмені қалыптастырған сәтте мәмілелер жасалғаннан кейін БҚ-ның санын көрсету.

Компания Клиентінің брокерлік шоты бойынша барлық операция Клиент қол қойған клиенттік тапсырысты ұсыну негізінде жүргізіледі.

3. АҒЫМДАҒЫ ПОРТФЕЛЬ

Бұл әдепкі жағдай бойынша ашылатын жеке кабинеттің негізгі жұмыс беті. Бұл режимде инвестициялардың ағымдағы жай-күйінің мониторингі ұсынылады:


- Бағалы қағаздар портфелі;
- Инвестициялық пай қорларына инвестициялар;
- Ақшалай шоттар.

Бөлімнің деректері анықтамалық сипатта болады және оны ресми ақпарат ретінде пайдалануға болмайды.

3.1. Бағалы қағаздар

Бұл бөлімде «BCC Invest» АҚ-пен жасалған брокерлік шарттың аясында сатып алынған сәттен бастап Сіздің бағалы қағаздарға инвестицияларыңыз, алынған кіріс/шығын және ағымдағы бағалар туралы мәліметтер көрсетіледі.

[Просмотр отчетов](#)
[Профиль пользователя](#)
[Сменить пароль](#)
[Счета пользователя](#)
[Инвестиционные идеи](#)
[Видео инструкции](#)
[Выход](#)



ПИФ «ЦентрКредит – Разумный баланс»

ПОПОЛНИТЬ
БЕЗ КОМИССИЙ

Ценные бумаги

по состоянию на 2016-03-09 17:32:29 [\(обновить\)](#)

Эмитент	Тикер	Количество	Цена	Стоимость приобретения	Текущая цена	Текущая стоимость бумаг	Доход
KAZ Minerals PLC акции	GB_KZMS	2 962	1 019,10	3 018 574,2	---	---	---
KAZ Minerals PLC акции	KAZ_LN	55 000	629,10	34 600 347,0	---	---	---
АО "КазТрансОйл" акции	KZTO	6 867	708,76	4 867 039,2	---	---	---
Разв.Добыча "КазМунайГаз" акции	RDGZ	198	16 825,00	3 331 350,0	---	---	---
Разв.Добыча "КазМунайГаз" привилегированные акции	RDGZp	45 067	23,28	1 049 250,0	---	---	---
SEVERSTAL депозитарные расписки	SVST_LI	300	666,67	200 000,0	---	---	---
J.P.MORGAN прочие деривативы		10 762 936	94,70	1 019 250,0 Тыс	---	---	---
Итого				1 066 316,6 Тыс			

7-сурет. БҚ-ның ағымдағы портфелі

Жеке кабинетте экранда мына деректер шығады:

- Эмитент – осы бағалы қағазды шығарған эмитенттің атауы;
- Тикер – бағаланатын қаржы құралдарының қысқаша атауы. Бір биржа немесе ақпараттық жүйе аясында бірегей сәйкестендіруші болып табылады. «Тикер» жолы бағалы қағаз құнының кестесіне гиперсілтеме болып табылады (4.1.1-бөлімді қараңыз);
- Саны – портфеліңіздегі бағалы қағаз саны. Бағалы қағаз саны туралы мәліметтер күн сайын жаңартылады. Егер «сан» жолы бойынша мән 1 млн көп болса, көрсетілген мән дөңгелектенеді. Нақты санын білу үшін баға жолы бойынша гиперсілтемені басу қажет (3.3-бөлімді қараңыз);
- Баға – осы бағалы қағаздарды сатып алудың орташа алынған бағасы (сатып алу бағасы). «Баға» бағалы қағаздың орташа алынған құнын қалыптастыру тарихына гиперсілтеме болып табылады (3.3-бөлімді қараңыз);
- Сатып алу құны = Саны*бағасы. Егер «Сатып алу құны» жолы бойынша мән 1 млн көп болса, көрсетілген мән дөңгелектенеді. Сатып алған нақты құнын білу үшін баға жолы бойынша гиперсілтемені басу қажет (3.3-бөлімді қараңыз);
- Ағымдағы баға – төменде сипатталған әдістеме бойынша айқындалған бағалы қағаздың ағымдағы бағасы. «Ағымдағы баға» жолы бар болса, ол «Стақанға» гиперсілтеме болып табылады (4.1.2-бөлімді қараңыз).

Осы бөлімнің мақсаттары үшін ағымдағы баға былайша айқындалады:

а) егер бағалы қағаз үшін сатып алуға/сатуға ағымдағы өтінімдер («Стақан») туралы мәліметтер болса, «ағымдағы баға» жолы сатып алушының үздік (ең жоғары) өтініміне тең болады;

б) ағымдағы өтінімдер туралы мәліметтер болмаған және осы бағалы қағаз бойынша соңғы нәтижелі күннің орташа бағасы бойынша мәліметтер болмаған

жағдайда, «ағымдағы баға» жолы толтырылмайды;

в) облигациялар үшін ағымдағы баға есептелмейді.

- Қағаздардың ағымдағы құны = Саны*Ағымдағы бағасы.
- Кіріс – абсолюттік («Ағымдағы құн» минус «Сатып алу құны») және сатып алынған сәттен бастап салыстырмалы кіріс/шығын («Ағымдағы құн» – «Сатып алу құны»)/ «Сатып алу құны»).


«Стақан» Компанияда оны көрсетудің техникалық мүмкіндігі бар бағалы қағаздар бойынша ғана көрсетіледі. «Стақан» осындай ақпаратты жеткізуші белгілейтін ақпараттың қасақана кешіктірілуімен көрсетілуі мүмкін.

3.1.1. Баға кестесі

Бағалы қағаздың тиісті тикерін басқан кезде таңдалған бағалы қағазға бағаның қозғалыс тарихын графикалық түрде бейнелейтін бет, сондай-ақ мәмілелердің көлемі туралы мәліметтер (бар болса) ашылады.

Баға кестесі осы бағалы қағаздың баға белгілеуі бойынша ақпараттың жеткілікті көлемі болған кезде ғана қалыптастырылады. Баға кестесі Компанияда оны көрсетудің техникалық мүмкіндігі бар бағалы қағаздар бойынша қалыптастырылады. Баға кестесі Flash технологиясын пайдаланып қалыптастырылады. Кестені дұрыс көрсету үшін Flash технологиялар браузерін қолдау қажет. Кестелерді көрсетуде ақаулар болған жағдайда, Adobe Flash Player бағдарламасын қосу немесе орнату қажет (<http://get.adobe.com/ru/flashplayer/>). Заманауи браузерлердің көбінде Flash Player бар және қосымша баптаулар қажет емес.

Бөлімнің деректері анықтамалық сипатта болады және оны ресми ақпарат ретінде пайдалануға болмайды. Бөлімдегі деректер күн сайын жаңартылады.



8-сурет. БҚ кестесі

3.1.2. «Стақан» сатып алуға/сатуға ағымдағы өтінімдер

Ағымдағы баға бағанында қаржы құралының ағымдағы бағасының тиісті мәніне басқан кезде, осы қаржы құралын сатып алуға/сатуға өтінімдер туралы ақпарат (бар болса) көрсетілген бет ашылады.

Бөлімнің деректері анықтамалық сипатта болады және оны ресми ақпарат ретінде пайдалануға болмайды.

Биржевой стакан:

Простые именные акции АО "Банк ЦентрКредит" (Т+2)
CCBN(24.03.2016 17:07:26)

№	Продажа	Цена	Покупка
1	<u>30214</u>	140.4	
2	<u>16</u>	140	
3		137.7	<u>2000</u>
4		135.01	<u>3</u>
5		135	<u>31423</u>

9-сурет. Биржалық

стақан

Жеке кабинетте экранда мына деректер шығады:

- Бағалы қағаздың атауы;
- Бағалы қағаздың тикері – таңдап алынған бағалы қағаздың коды (бар болса);
- Ақпараттың соңғы жаңартылған күні мен уақыты;
- Сатып алуға және сатуға өтінімдердің сараланған тізімі. Тізімде қаржы құралының ағымдағы нарықтық құнын айқындау үшін пайдаланылатын сатып алушының үздік бағасы көрсетіледі.

3.2. Пай қоры

Бұл бөлімде Сіздің пайды сатып алған сәттен бастап «BCC Invest» АҚ-тың пай қорларына инвестицияларыңыз, алынған кіріс/шығын және ағымдағы бағалар туралы мәліметтер көрсетіледі.

Паевый фонд

Паевый фонд	Кол-во	Ср. взв. цена пая	Стоимость приобретения	Текущая цена пая	Текущая стоимость пакета	Доход с момента приобретения	Доход в год	Доход в месяц
ИПИФ "ЦентрКредит-Разумный баланс"		<u>1,1329</u>	12,4 млн	1,4426	15,7 млн	3,4 млн (27,34%)	11,66%	0,69%

10-сурет. ИПК-ның ағымдағы

портфелі

Жеке кабинетте экранда мына деректер шығады:

- Пай қор – пай қорының атауы;

- Саны – портфеліңіздегі пайдың ағымдағы саны. Пай саны туралы мәліметтер күн сайын жаңартылады. Егер «Саны» жолы бойынша мән 1 млн көп болса, көрсетілген мән дөңгелектенеді. Нақты санын білу үшін «Пайдың орташа алынған бағасы» жолы бойынша гиперсілтемені басу қажет;
- Пайдың орташа алынған бағасы – пайды сатып алған орташа алынған баға (сатып алу бағасы). «Пайдың орташа алынған бағасы» жолы пайдың орташа алынған құнының қалыптасу тарихына гиперсілтеме болып табылады (3.4-бөлімді қараңыз);
- Сатып алу құны = Пайдың саны*орташа алынған бағасы. Егер «Сатып алған құны» жолы бойынша мән 1 млн көп болса, көрсетілген мән дөңгелектенеді. Сатып алудың нақты құнын білу үшін «Пайдың орташа алынған бағасы» жолы бойынша гиперсілтемені басу қажет (3.4-бөлімді қараңыз);
- Ағымдағы баға – бухгалтерлік есеп деректері бойынша анықталған пайдың ағымдағы бағасы. Пайдың ағымдағы бағасы туралы мәліметтер күн сайын жаңартылады;
- Пакеттің ағымдағы құны = Пайдың саны*ағымдағы бағасы. Егер «Пакеттің ағымдағы құны» жолы бойынша мән 1 млн көп болса, көрсетілген мән дөңгелектенеді. Сатып алған нақты құнды білу үшін «Ағымдағы пай бағасын» «санына» көбейту қажет;
- Сатып алған сәттен бастап кіріс – абсолюттік («Пакеттің ағымдағы құны» минус «Сатып алған құны») және сатып алған сәттен бастап салыстырмалы кіріс/шығын («Пакеттің ағымдағы құны» - «Сатып алған құны»)/Сатып алған құны);
- Бір жылдағы кіріс – соңғы 12 күнтізбелік айдағы пай қорының кірісін көрсетеді (Пайдың ағымдағы бағасы/Пайдың 365 күн бұрынғы бағасы);
- Бір айдағы кіріс – пай қорының соңғы күнтізбелік 30 күннің ішіндегі кірісін көрсетеді (Пайдың ағымдағы бағасы/Пайдың 30 күн бұрынғы бағасы).

3.3. Ақшалай қаражат

Бұл бөлімде «BCC Invest» АҚ-пен жасалған брокерлік шарттың аясында Сіздің брокерлік шоттардағы ақшалай қаражатыңыз туралы мәліметтер көрсетіледі.

Ақшалай қаражаттың жай-күйі туралы мәліметтер күн сайын жаңартылады.

Денежные средства

Код валюты	Доступно	Заблокировано	Всего
USD	67,68 USD		<u>67,68 USD</u>
KZT	219 236,42 KZT		<u>219 236,42 KZT</u>

11-сурет. АҚ-тың ағымдағы портфелі

Жеке кабинетте экранда мына деректер шығады:

- Валюта коды – ақшалай шот ашылған валютаның әріптік коды;
- Қолжетімді – қолжетімді (ауыртпалықсыз) ақшалай қаражат сомасы;
- Бұғатталған – бұғатталған (ауыртпалық салынған) ақшалай қаражат сомасы (уәкілетті органның шешімі, РЕПО операциялары, мәмілеге орындалмаған өтінімдер, Т+ 2 есептеу схемасы бойынша жасалған мәмілелер аясында);
- Барлығы – ақшалай қаражаттың жалпы сомасы (Қолжетімді + Бұғатталған). «Пайдың орташа алынған бағасы» жолы ақшалай қаражаттың қозғалысы тарихына гиперсілтеме болып табылады (3.5-бөлімді қараңыз).

4. БҰЙРЫҚТАР

Бұл режимде берілген бұйрықтардың тарихы құрылады, редакцияланады, сондай-ақ қаралады. Бөлімнің деректері анықтамалық сипатта болады және оны ресми ақпарат ретінде пайдалануға болмайды. «Бұйрықтар» бөлімін іске қосқан кезде жаңа бет ашылады, онда белгіленген тәсілмен берілген бұйрықтар (тапсырыстар) көрсетіледі. Көрсетілетін ақпарат саны шектелуі мүмкін. Ашылған терезеде бұйрықтар туралы мына ақпарат қамтылады:

- Берілген күні – бұйрықтың берілген күні мен уақыты, сондай-ақ берілген бұйрықтың түрі (Бағалы қағаздар/ақшалай қаражат/ИПҚ). Бұл жол сілтеме болып табылады, оған басқан кезде сіз берген бұйрықтың параметрлері бар терезе автоматты түрде ашылады.
- Сипаттама – берілген бұйрықтың қысқаша сипаттамасы.
- Саны, баға – тек бағалы қағаздар бойынша бұйрықтар және ИПҚ үшін ғана көрсетіледі және сәйкесінше бағалы қағазды/пайды сатып алу/сату саны мен құнын көрсетеді.
- Сома – бұйрықта/тапсырыста көрсетілген сома.
- Мәртебесі – бұйрықты/тапсырысты өндеудің ағымдағы жай-күйі (Брокерге жіберілді/Өңдеу/Тексерілді/Өтінім берілді/Орындауда/Орындалды/Ішінара орындалды/Орындалмады/Брокер бас тартты/Клиент күшін жойды/Мерзімі өткен).
- Бұйрыққа қол қоюға және жоюға сілтемелер.

 RU EN KZ KR Просмотр отчетов Текущий портфель Список ценных бумаг Приказы Сменить пароль Профиль пользователя	ГЛАВНАЯ / ПРИКАЗЫ <h3>Журнал приказов</h3> <p>Создать новый приказ: Ценные бумаги</p> <table border="1"><thead><tr><th>Дата подачи</th><th>Описание</th><th>Кол-во</th><th>Цена</th><th>Сумма</th><th>Статус</th><th></th></tr></thead><tbody><tr><td>13.12.2011 14:39:20 Ценные бумаги</td><td>Продажа Eurasian Natural Resources (GB_ENRC)</td><td>322</td><td>1 700,0000</td><td>547 400,00</td><td>Обработка</td><td>SIGN DELETE</td></tr></tbody></table> <p>2011-12-13 14:45:43</p>	Дата подачи	Описание	Кол-во	Цена	Сумма	Статус		13.12.2011 14:39:20 Ценные бумаги	Продажа Eurasian Natural Resources (GB_ENRC)	322	1 700,0000	547 400,00	Обработка	SIGN DELETE
Дата подачи	Описание	Кол-во	Цена	Сумма	Статус										
13.12.2011 14:39:20 Ценные бумаги	Продажа Eurasian Natural Resources (GB_ENRC)	322	1 700,0000	547 400,00	Обработка	SIGN DELETE									

12-сурет. Бұйрықтар журналы

bcctrade.kz жеке кабинетінің web-нұсқасы үшін бұйрықтарды толтыру және авторизациядан өту (қол қою) 2 кезеңмен өтеді, бірінші кезеңде бұйрықтың параметрлерін толтыру қажет, екінші кезеңде бұйрықты ЭЦҚ-мен немесе бір реттік парольмен растау қажет. Сонымен бір заңды тұлғаның аясында қол жеткізу құқығын бөлу қажет болған жағдайда, сіз ЭЦҚ файлын немесе бөлек жұмыс орнында бір реттік парольді пайдалана аласыз.

Смартфондарға арналған қосымшаларда және жеке кабинетте, ақпараттық жүйелерді және (немесе) Компанияның сауда платформасына қолжетімділік беру бойынша серіктестерге қашықтан қызмет көрсету жүйелерін пайдаланған кезде, бұйрықтарды авторизациялау (қол қою) бұйрықты толтыру аяқталғаннан кейін бірден өтеді және бір-бірінен бөлінбейді, сонымен бұйрықтардың «жобаларын» сақтау және редакциялау мүмкін болмайды.

4.1. Клиенттің бір реттік (біржолғы) коды

Бір реттік (біржолғы) кодты құру Компанияның сауда платформасымен интеграцияланған. Бір реттік (біржолғы) кодтың алғашқы 3 мәні тұрақты және Компанияның бағдарламасында әр пайдаланушыға жеке беріледі. Бір реттік (біржолғы) кодтың қалған 4 мәні платформаны пайдаланушыға көрсетілген ұялы

нөмірге смс түрінде жіберіледі және бір рет қана пайдаланылады.

Жеке кабинетте, ақпараттық жүйелерді және (немесе) Компанияның сауда платформасына қолжетімділік беру бойынша серіктестерге қашықтан қызмет көрсету жүйелерін пайдаланған кезде серіктес бір реттік (біржолғы) кодты қалыптастыру ережесін белгілейді.

Жеке кабинетті пайдаланушының ұялы телефон нөмірі Электрондық қызметтер көрсету туралы келісімге қосылу туралы өтініште немесе клиент пен серіктестің арасындағы Компанияның сауда платформасына қолжетімділік беру бойынша тиісті шартқа сай көрсетіледі. Ұялы телефон нөмірі Компанияның сауда платформасында контрагенттің карточкасында сақталады.

4.2. Бағалы қағаздар бұйрығы

Сатып алуға және сатуға бұйрық жасау үшін сіз бірнеше тәсілдердің бірін пайдалана аласыз:

- Бұйрықтар журналының жұмыс бөлігінде «Бағалы қағаздар» сілтемесін басу арқылы жаңа бұйрық жасау;
- «Сатып алу» немесе «Сату» сілтемесіне басу арқылы бағалы қағаздың баға кестесін көрсететін жұмыс бөлігінде – бұл нұсқада алдын ала толтырылған жолдары бар бұйрық жасалады.

Бұйрық беру үшін мына әрекеттерді ретімен орындау қажет:

1. БҚ іздеу жолы мәмілені жасау жоспарланатын тиісті бағалы қағазды таңдау. Бағалы қағазды таңдау туралы толығырақ 5.2.1-бөлімінен қараймыз.
2. Бұйрықтың бағытын таңдау: сатып алу/сату.
3. Бұйрықтың түрін таңдау: Лимиттік/Нарықтық. «Нарықтық» бұйрық түрін таңдаған кезде сіз мәміленің бағасы мен сомасын көрсете алмайсыз.
4. Жоспарланған мәміле бойынша бағалы қағаздың бағасы мен санын көрсету. Бағаны толтыру туралы толығырақ 5.2.2-бөлімінен қараймыз.
5. Бұйрықтың қолданылу мерзімін көрсету. Қолданылу мерзімін таңдау туралы толығырақ 5.2.3-бөлімінен қараймыз.
6. Брокердің ұсынымының бар екені туралы белгі қою және мәміленің мақсатын көрсету.
7. «Сұрату беру» батырмасын басу.

Поиск ЦБ
ССВН

Форма подачи приказа

Наименование	Простые акции АО "Банк ЦентрКредит", ССВН
НИН	ССВН
Эмитент	АО "Банк ЦентрКредит"
Направление	Покупка
Вид приказа	Лимитный
Цена*	290
Кол-во	5000
Сумма*	1450000
Срок действия	<input type="radio"/> Бессрочный <input checked="" type="radio"/> 2011-12-14
По рекомендации брокера	<input type="checkbox"/>
Цель сделки	Инвестиционная сделка

Подача запроса

13-сурет. Бұйрық беру

- «Сұрату беру» батырмасын басқаннан кейін сіз «Бұйрықтар журналы» бетіне қайта өтесіз, онда «Жоба жазба/Қол қоюды күтеді» мәртебесімен сіздің бұйрығыңыз шығуы керек. «Жоба жазба/Қол қоюды күтеді» мәртебесімен бұйрықтарды редакциялауға және өшіруге болады. Бұйрықты Брокердің жүйесінде көрсету үшін ЭЦҚ арқылы қол қою керек немесе бір реттік парольдің көмегімен авторизациялау қажет.

ЭЦҚ-ны пайдалану талап етілетін бұйрықтар мынадай қосымша өндеуден өтуге тиіс:


9. ЭЦҚ қойылған бұйрықты брокерге жіберу үшін оған қол қоюыңыз қажет, ол үшін бұйрыққа қарама-қарсы «Sign» батырмасын басыңыз. Осы батырманы басу нәтижесінде сіз енгізген ақпараттың негізінде қалыптастырылған құжат алдыңызда пайда болады. Аталған құжаттың мәтінімен мұқият танысыңыз, келесі кезеңде дәл осы құжатқа сіздің ЭЦҚ қойылады.

- Осы құжатты тексеру бойынша оң нәтиже болған жағдайда, «Қол қою және брокерге жіберу» батырмасын басыңыз. Осы батырманы басу нәтижесінде аталған деректерге қол қою туралы ұсыныс бар «Ak Kamal e-Security Client» қосымшасы іске қосылады:

Приказ №INV01344/000006

от 14.12.2011 15:29:14

НИН	KZ1C36280010
Эмитент	АО "Банк ЦентрКредит"
Направление	Покупка
Вид приказа	Лимитный заказ
Цена	290
Цена без учета купона	0
Доходность РЕПО	0
Кол-во	5000
Сумма	1450000
Срок действия	2011-12-15
По рекомендации брокера	0
Цель сделки	Инвестиционная сделка
Инструмент	Простые акции АО "Банк ЦентрКредит", ССВН
Номер заявки	8eeffd09-9a43-44f6-bd8c-cf57760805f3
МДС	
Денежные средства	
Заявитель	
Документ удостоверяющий заявителя	




57 от 20.09.2007 МЮ РК

Подписать и отправить брокеру

14-сурет. Құжатты қол қоюға қалыптастыру

Осы сұраққа оң жауап берілген жағдайда, ЭЦҚ-ға парольді енгізуге сұрату бар терезе пайда болады:



15-сурет. ЭЦҚ парольін енгізу

Пароль сәтті тексерілгенде, бұйрық шифрланып, қолтаңбаңыз қойылып, брокерге өндеуге жіберіледі. Мұқият болыңыз, жіберілген қол қойылған бұйрықты өшіру немесе жою мүмкін емес. Орындауды күтетін бұйрықты немесе ішінара орындалған бұйрықты алдыңғысын жоюға жаңа тиісті бұйрық беру арқылы ғана жоюға болады.

Бір реттік парольдің көмегімен бұйрықты авторизациялау үшін пайдаланушы «брокерге беру» сілтемесіне (16-сурет) басуы керек, пайдаланушының ұялы нөміріне пароль бар смс және бұйрықтың параметрлері көрсетілген мәтін келеді.

Журнал приказов

Создать новый приказ: [Ценные бумаги](#), [Перевод денежных средств](#), [Конвертация денежных средств](#), [РЕПО](#), [Списание/Зачисление ЦБ](#), [Обременение ЦБ](#)

Дата подачи	Описание	Количество	Цена	Сумма	Статус	
21.02.2018 12:27:21 Ценные бумаги	Покупка ССВН,Акция,АО "Банк ЦентрКредит" (ССВН)	100	250,0000	25 000,00	Черновик/ Ожидает подписи	Удалить Подать брокеру
21.02.2018 11:51:21 Ценные бумаги	Покупка ССВН,Акция,АО "Банк ЦентрКредит" (ССВН)	100	250,0000	25 000,00	Черновик/ Ожидает подписи	Удалить Подать брокеру

16-сурет. Бұйрыққа бір реттік парольмен қол қою

Пайдаланушы «брокерге беру» сілтемесіне басқаннан кейін бұйрық параметрлері мен бір реттік парольді енгізетін жаңа бет ашылады (17-сурет). Пайдаланушы бір минуттың ішінде бір реттік парольді енгізіп, «растау және брокерге жіберу» батырмасына басуы керек. Брокердің сауда платформасына бір реттік пароль арқылы бұйрық беру процесі аяқталды.

Приказ №000002348/

от 21.02.2018 14:46:01

НИН	KZ1C36280010
Эмитент	АО "Банк ЦентрКредит"
Валюта	KZT
Покупка/Продажа	Покупка
Вид приказа	Лимитный заказ
Цена	250
Цена	0
Доходность	0
Количество	100
Сумма	25000
Срок действия приказа	
Номинал	0
Количество по номиналу	0
Инструмент	ССВН,Акция,АО "Банк ЦентрКредит"
Номер заявки	8b4fca86-1cbd-4a42-9086-341050a58e21
МД5	
Торговый счет	1025601476
Заявитель	Тен Владимир Владимирович
Документ удостоверяющий заявителя	

Для подтверждения операции вам отправлен СМС с одноразовым кодом

Введите код

.....

Прислать код повторно можно будет через 9 секунд

Показать код

17-сурет. Бір реттік парольді енгізу

Брокер заңнаманың және ішкі құжаттардың талаптарына сай бұйрықтың параметрлерін тексереді, одан сәтті өткен кезде бұйрық орындауға жіберіледі.

Бұйрықты жүргізу мүмкін болмаған жағдайда (деректемелерді толық толтырмау, манипуляциялау белгілері және басқалар) бас тарту себебі көрсетіліп, бұйрықтың

